

Мәслихаттың 2009 жылғы 20 қарашадағы № 233 "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 375 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 17 наурызда № 3755 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2018 жылғы 2 наурызғағы № 245 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 02.03.2018 № 245 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары туралы" Қостанай облыстық мәслихатының 2009 жылғы 20 қарашадағы № 233 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік) тіркеу тізілімінде 3697 нөмірімен тіркелген, 2009 жылы 23 желтоқсанда "Қостанай таңы" және "Костанайские новости" газеттерінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтағы "пайызға" деген сөзден кейін ", 495-баптың 6-тармағы кестесінің 1.3.5 жолында белгіленген жүз пайызға көтеретін төлемақы ставкаларынан басқалары," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы*

*Е. Аманжолов
С. Төкенов*

КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Қ. Төлеубаев

"Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ С. Аймұхамбетова

"Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ М. Щеглова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК